

аңызға арқау болған Бәйтерек – Астананың осы және басқа да көптеген көрікті жерлері ұлттық мифологиямен, халықтың тарихи жадымен тығыз байланысты» [4].

Сонымен қатар «Қазақ елі» монументін мысалға келтіруге болады. «Ұшар басына жеңімпаз Самұрық құс келіп қонған, көкке ұмтылған маңғаз мұнара Қазақстанның бүгінгі келбеті мен ертеңгі күнін бейнелейді. Осынау ғаламат кешен қазақ жазирасының кеңдігінен, ұшы-қиыры жоқ дала тұрғындарының дарқандығынан хабар береді. Қазақ елі монументінің негізінде қазіргі заманғы Қазақстан тарихының жарқын беттерін ашатын айшықты бедер жатыр» [4, 190].

Ұлттық түстер. Логотиптер, баннерлер және басқа да дизайн материалдары Қазақстанның ұлттық түстері – көк және сары түстерді қамтиды.

Бұл мысалдар қаланың мәдени тамыры мен бірегейлігін сақтауға және көрсетуге көмектеседі. Бұл өз кезеңінде жерлікті тұрғындармен байланысты күшейтеді және қаланы инвесторлар мен туристер үшін тартымды етеді.

Қорытынды

Визуалды концепция Астана брендінің эволюциясында шешуші рөл атқарады. Бұл қаланың мәдени тамырлары мен дамуға деген ұмытылысын көрсете отырып, оның танымал келбетін жасауға көмектеседі.

Өткен мен болашақ арасындағы мұндай үйлесімділік Астананы ерекшелендіреді.

Бұл қала – Қазақстанның астанасы ғана емес, өзін әлемге мақтанышпен танытатын қазіргі заманның, инновацияның және мәдени мұраның символы.

Әдебиеттер тізімі

1. Котлер Ф., Шонс Р.Э. Управление брендом города: Стратегии брендинга для устойчивых городов и регионов. М.: Вильямс, 2008.
2. Котлер Ф., Хаасен Д., Скумпард И., Виноградов В. Городские бренды: Управление имиджем городов. М.: Манн, Иванов и Фербер, 2010.
3. Назарбаев Н.Ә. Еуразия жүрегінде. Алматы: Атамұра, 2005. – 192 б.
4. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. Астана, 2017. – 508 б.

ӘОЖ 070.13

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА: ТЕОРИЯ МЕН ПАЙДАЛАНУ АЯСЫ

Жұртыбекова Шырын Батырбекқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

2 курс студенті,

Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Алғалиева Г.С.

Аңдатпа: Мақалада «аналитикалық журналистика» ұғымына кеңінен түсіндірілме беріліп, оның қолдану аясы анықталады. Аналитикалық журналистиканың негізгі ерекшеліктері көрсетіліп, аналитик-журналист таныстырылады. Аналитикалық журналистиканың маңыздылығы дәлелденіп, оның жанрлары қарастырылады. Сонымен қатар, аналитикалық журналистикада сақталуы тиіс шарттар қатарына : нақты мақсат пен болжам, аргументтердің нақтылығы, ғылыми әдістердің қолданылуы, дереккөздердің айқындығы, контенттік өңделу, пайдалану аясы көрсетіліп, әр ұғымға жеке түсініктеме көрсетіледі. Әлемдік БАҚ пен отандық БАҚ салыстырылып, ұсыныс беріледі.

Кілт-сөздер: аналитикалық журналистика, БАҚ, ғылым, дереккөз, контент, жастар, материал, анализ, статистика.

Аннотация: В статье дается широкое толкование понятия "аналитическая журналистика", определяется сфера его применения. Будут показаны основные особенности аналитической журналистики, презентован журналист-аналитик. Доказана важность аналитической журналистики и рассмотрены ее жанры. Кроме того, в аналитической журналистике должны соблюдаться следующие условия : конкретная цель и предположение, конкретность аргументов, применение научных методов, ясность источников, контентная обработка, область применения и отдельные комментарии к каждому понятию. Сравниваются мировые СМИ и отечественные.

Ключевые слова: аналитическая журналистика, СМИ, наука, источник, контент, молодежь, будущее, Казахстан, статья, материал, анализ, статистика.

Annotation: The article gives a broad interpretation of the concept of "analytical journalism", defines the scope of its application. The main features of analytical journalism will be shown, and an analytical journalist will be presented. The importance of analytical journalism is proved and its genres are considered. In addition, the following conditions must be met in analytical journalism: a specific purpose and assumption, concreteness of arguments, application of scientific methods, clarity of sources, content processing, scope and separate comments on each concept. The world's media and domestic media are compared.


Key words: analytical journalism, media, science, source, content, youth, future, Kazakhstan, article, material, analysis, statistics.

Журналистикадағы аналитикалық бағыт – өтіп кеткен не жақын арада болатын оқиғаға қоғамның көзқарасын қалыптастыру мақсатында жасалатын журналистикалық ғылыми зерттеу. Аналитикалық журналистика – аналитикалық мақала, аналитикалық репортаж және басқа да аналитика элементтері сақталған кез-келген форматта жүзеге аса алады.

Себебі, аналитикалық журналистика жанрларына мыналар жатады:



Отандық БАҚ-та қаржы, экономика және бизнес салаларынан басқа әлеуметтік, экономикалық-саяси салаларында аналитикалық журналистика ақсандап тұр. Дәлдік пен анализдің жоқтығынан аудитория саны азайып, бәсекеге қабілеттілік төмендеп барады. [1]



Ал әлемдік БАҚ-та аналитикалық материалдарды жариялау негізгі қызмет түріне жатады. NYTimes, The Economist, Wall Street Journal және басқа көптеген басылымдарда қоғамдық маңызы бар мәселелер нақты фактілер мен білікті пайымдауларға сүйене отырып жарияланады. [2]

Мысалы, американдық nytimes.com сайтына айына:

- 30 миллион адам кіреді;
- кем дегенде 2.93 бет оқылады;
- орташа сайтта қалу ұзақтығы 03:41 минут;

- айлық тіркелу 0.25\$ құрайды. [3]

Аналитикалық журналистикада келесі шарттар сақталуы тиіс:

- нақты мақсат пен болжам;
- аргументтердің нақтылығы;
- ғылыми әдістердің қолданылуы;
- дереккөздердің айқындығы;
- контенттік өңделу;
- пайдалану аясы;

Аналитикалық зерттеу жүргізуге ұмтылған журналист-аналитик өз мақсатын айқындап алуы керек. Оны нақты оқиғаны таңдау арқылы және аудиторияға әсерін болжау арқылы жүзеге асыруға болады.

Мысалы, журналист-аналитик Әлия Әшім осыдан 1 ай бұрын өзінің Q REC деп аталатын ютуб арнасына Желтоқсан оқиғасына байланысты жасаған зерттеу жұмысын жүктеген болатын. Бұл жерде журналист-аналитиктің нақты мақсаты : Желтоқсанға жауаптылардың сотталмай қалуларының себебін іздеу. Бейнематериал арқылы Әлия Әшім өз көрермендерінің орыс халқын жек көріп кетуін мақсат етпеді, тек «Желтоқсан оқиғасы» жайлы шындықпен бөліскісі келді. Алайда ол аудиторияға екі түрлі толқында әсер қалдырды. Бірақ, Әлия Әшім өзінің әлеуметтік желісінде қалай қабылдағанның дұрыс болатынын айтып берді. Аудиторияның қабылдауын 100% болжай алмасақ та, цифрлы технология көмегімен кері байланыс жасау арқылы ойды толық жеткізуге мүмкіндік бар.

Аналитикалық зерттеу толықтай дәлелдеме деректерден тұрады. Нақты факт кітаптан, ғылыми мақалалардан, сапаршылардан және куәгерлерден алынады. Белгіленген мақсатқа байланысты талданатын мәселенің саласы анықталады. Бірақ, әлеуметтік мәселе экономика, демография, саясатпен шексіз жалғаса береді. Сол себепті, аргументті барлық сала бойынша тексеріп, растап отыру керек. Аргументтің нақтылығы шығарылатын мақала не документалды бейненің сәтті болуына кепілдік бере алатын болғандықтан аргумент жинауда сақ болған жөн.

Жоғарыда келтіргеніміздей, аналитикалық жұмыстағы басты талап келтірілетін дәлелдеме-аргументтің шын болуы. Ақпарат көздерінің шындыққа жанасу не жанаспауы синтез пен анализ әдістері арқылы жүзеге асады. Аналитикалық журналистикада фокус группаның болуы шарт. Себебі, журналистиканың бұл саласында субъективті көзқарастың, қорытындының еш қажеті жоқ. Сол үшін де шетелдік басылымдарда ғылыми әдістердің пайдалануы : жүйелікті, классификацияны, топтастықты, типологияны қосатын жалпығылымдық процестерге арналған.

Журналистикада библиография пайдаланылмайды. Дегенмен, аналитикалық журналистикада барлығы басқаша. Себебі, аналитикалық журналистикада анонимді дереккөздер мен белгісіз адамның деректері пайдаланылмайды. Ақпаратты қабылдайтын оқырман ақпараттың қайдан келгенін білуге тиіс.

Ақпараттық жаңалықтарда оқиғалар жалқыдан жалпыға қарастырылатын болса, аналитикалық мақалада жалпыдан жалқыға арналады. Осыған орай тақырыптық, салалық ерекшеліктерге байланысты ақпарат түрлі форматта тарала алады.

Аналитикалық журналистика – БАҚ-тың кез-келген саласында қолданылады. Аналитикалық журналистиканың мақалалары апталық басылымдар мен интернет БАҚ-та жарияланады. Сонымен қатар, ақпараттық сараптамалық телебағдарламалар аналитикалық журналистиканың элементтерінен тұруы мүмкін. (Мәселе бағдарламасы мысал бола алады.) [4]

Қазақстанға аналитикалық журналистиканың керегін дәлелдей білген журналисттердің бірі де бірегейі – журналист аналитик Әлия Әшім. «Instagram» әлеуметтік желісінде 81,8 мың оқырманы бар журналист «Миға азық қажет» ұранын

ұстанып, аудиториясын үнемі білімге шақырады. Әлия Әшім аналитикалық дерегін аудиторияға ерекше ұсынады. Жоғары сапа, кәсіби монтаждау, тың ақпараттар – Әлия Әшімді сипаттап беретін сөздер.

Әлия Әшімнің Q REC деп аталатын ютуб арнасы бар. Дәл осы жерде барлық құнды аналитикаға толы дүниелер барша әлемге жарияланады. Осыдан бір ай бұрын дәл сондай материал таралып қазіргі күні 51 мың қаралым жинап отыр. Бұл Қазақстандағы адам санының 0,25% көрсетеді. Видеоматериалды көріп отырып, деректі фильм, ғылыми, аналитикалық мақала даярлауда журналистік зерттеудің, журналистикада аналитикалық журналистиканың маңызды роль атқаратынын түсінуге болады. [5]

Журналистика сөзсіз көп салалы, бірақ кейде сөзі көп, дәлелі жоқ түсініксіз сала болып көрініп жатады. Сол үшін, менің ойымша бакалаврда журналист болуға емес, журналист-аналитик болуға даяулау керек сияқты. Себебі, журналистік этика мен мәтін жазу, операторлық пен ораторлық қабілеттерін меңгерту 4 жыл оқытуды қажет етпейді. Ақпаратты сөзбен айтуды ғана емес, дәлелдемемен айтуды үйренсек Қазақстан арасында аналитикалық журналистика 100% сенім артатын ақпарат көзі болмақ. «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің болашағы да мықты», - деп Міржақып Дулатұлы айтқандай, бәсекеге қабілетті ел болғымыз келсе, білікті мамандар дариялап, БАҚ-тың ел ертегі үшін маңыздылығын қазірден бастап түсінейік.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Media School CABAR.asia» Украиндық медиа мектеп ютуб арнасының сұхбаты: https://youtu.be/JbW0SNvm69E?si=uXdT0_r_xbvEZII 2019 ж. Украина (20.01.2024)
2. MDQ медиа даму қоры «Аналитикалық журналистика: мазмұны мен қолдану аясы туралы критерилер» сараптамалық материалы: <https://mdq.kz/upload/pdf/KAZ%20Аналитическая%20журналистика.pdf> 2021 ж. Астана (01.02.2024)
3. SimilarWeb ақпарат тасымалдаушы веб-сайт (2009 жылдан бері жұмысын атқарып келеді.) <https://www.similarweb.com/ru/website/nytimes.com/#overview> 2024ж.
4. Белякова Л.П. Аналитическая журналистика в системе информационного обеспечения инновационных проектов / Л.П. Белякова; научный редактор О.Г. Слука. - Минск : БГУ, 2013. - 213, [3] с. - (Библиотека журналиста). - Библиогр.: с. 198-214. - ISBN 978-985-518-822 <https://megapro.enu.kz/ProtectedView/Book/ViewBook/44135>
5. Q REC ютуб арнасының сілтемесі: www.youtube.com/@QRECprod
6. Әлия Әшімнің әлеуметтік желісі: instagram.com/aliyaashim

ӘОЖ 316.32

ДРОН ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ЖУРНАЛИСТ ӨМІРІНЕ ҚАУІПСІЗДІГІ

Мұханжан Гүлназ Жексенбайқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
2 курс студенті,
Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Алғалиева Г.С.

Аңдатпа.